# Абай Құнанбайұлы

Абай Құнанбаев – қазақ халқының ұлы классик ақыны, ағартушы демократы, ұлтымыздың рухани мақтанышы. Абайдың мұрасы, теңдессіз дана ойлары мен шығармалары бүкіләлемдік қазынаға қосылған алтын қор екені талассыз.


ақын
сазге
р
ойшы
л
Абай
ғалы
м
дана
аударм
ашы

# Ақынның өз балалары:

Абай

Талантты балалары:
Әбдірахман,Мағауия,
Тұрағұл,Мекайыл

| Ділдәдән | Күлбадан | Әйгерімнен |
| --- | --- | --- |
| Ақылбай, Әкімбай Әбдірахман,Райхан | Мағауия | Тұрағұл, Мекайыл Ізкәйіл, Кенже |

# Абай





Абайдың өмірі мен ақындық өнері жөнінде бірінші болып ғылыми ой айтқан адам – Әлихан Бөкейханов. Ә. Бөкейхановтың 1905 жылы «Абай (Ибрагим) Құнанбаев» атты азанамасын, А. Байтұрсынұлының «Қазақтың бас ақыны» атты мақаласын, Міржақып Дулатұлының 1914 жылы 23 шілдеде «Қазақ» газетінде жарияланған «Абай» атты мақаласын, Ж. Аймауытұлы мен М. Әуезовтің («Екеу» деп қол қойған) «Абай» журналының 1918 жылы №2 санында жарық көрген «Абайдың өнері һәм қызметі» атты мақаласын атау қажет. Абай мұрасы халыққа таныла бастады.

Абайтанудың дербес ғылым саласына көтерілуіне академик М. Әуезовтің сіңірген еңбегі өлшеусіз. Абай жайлы ұзақ жылдарға созылған ғылыми зерттеулерін тұтас қорытындылай отырып жазған ғылыми монографиясы мен атақты «Абай жолы» роман-эпопеясын жазуға 30 жылдан астам уақытын арнады.

Қазақтың классик жазушысы Әуезовтың бас кітабы-”Абай жолы” ұлы ақынға арналған.1993 жылы ”Абай жолы” эпопеясы дүние жүзі халықтарының 116 тіліне аударылған.



# Абайдың шығармалары

- Ғылым таппай мақтанба
- Интернатта оқып жүр
- Пайда ойлама, ар ойла
- Жасымда ғылым бар деп ескермедім
- Әсемпаз болма әрнеге
- Жазғытұры
- Жаз
- Күз
- Қыс
- Желсіз түнде жарық ай

- Қансонарда бүркітші шығады аңға
- Өлең - сөздің патшасы, сөз сарасы
- Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін
- Құлақтан кіріп, бойды алар
- Өзгеге, көңілім, тоярсың
- Қараша, желтоқсан мен сол бір-екі ай
- Біреудің кісісі өлсе, қаралы ол
- Білімдіден шыққан сөз
- Қақтаған ақ күмістей кең маңдайлы
- Сап, сап, көңілім, сап, көңілім

# Абайдың шығарған кітаптарының бірі



- **«Әуелде бір суық мұз ақыл зерек...»** Абайдың 1889 ж. жазған өлеңі. Әрқайсысы 4 тармақты 3 шумақтан тұрады. Адамгершілік жайындағы философиялық ой толғауға негізделген. Онда ақын шын мәнінде жақсы адам болу үшін ақыл, қайрат, жүрек үшеуін тең ұстау керек. Бұл жерде жүрек - қағілез, сергек сезімді, ал қайрат - байсалды сабырлылық пен табанды төзімділікті тудыратын қасиет. Егер адам бойында осы үш ерекшелік табиғи тұтастық тапса, нағыз мінсіз мінез сонда ғана қалыптаспақ дегенді айтады. *«Біреуінің күні жоқ біреуінсіз, ғылым сол үшеуінің жөнін білмек»* деп қорытады. Өлең 11 буынды. 1-шумағы қара өлең үлгісімен өрнектелген де, кейінгі 2 шумағының 2-жолдары шұбыртпалы ұйқас түрінде тізбектеліп отырады. Түпнұсқасы Мүрсейіт қолжазбаларынан алынып, алғаш рет 1909 ж. Санкт-Петербургте жарық көрген *«Қазақ ақыны Ибраһим Құнанбайұғылының өлеңі»* атты жинақта жарияланды. 1909, 1939, 1945 жылғы басылымдарда жеке ажыратылмай, *«Ғашықтық, құмарлық пен ол екі жол»* атты өлеңмен бірге, бір туынды ретінде берілген. Өлең ағылшын, қарақалпақ, қырғыз, орыс, өзбек, тәжік, түрікмен тілдеріне аударылған.

# Абай туралы



«Әкеміздің бір шешесінен туған Ибраһим мырза, қазақ ішінде Абай деп атайды, сол кісі мұсылманша һәм орысша ғылымға жүйрік, һәм Алланың берген ақылы да бұл қазақтан бөлек дана кісі еді".

Ш. Құдайбердіұлы



"Қазақтың бас ақыны - Абай Құнанбаев.
Онан асқан бұрынғы-соңғы заманда
қазақ баласында біз білетін ақын болған жоқ".

А. Байтұрсынұлы



"Сөзің асыл-баға жетпес, бір сөзің мың жыл жүрсе дәмі кетпес".

М. Жұмабаев